

## Облыстағы ауылдық округ пен кейбір ауылдардың атауын өзгерту туралы

Алматы облысы Әкімдігінің 2006 жылғы 13 шілдедегі N 7-21 қаулысы. Алматы облыстық әділет басқармасында 2006 жылғы 22 тамызда N 1969 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 11-бабындағы 4-тармағына сәйкес Алматы облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ** және Алматы облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Төмендегі ауылдардың атауы:

- 1) Өтенай ауылдық округі аумағында орналасқан Заря ауылы Өтенай ауылы;
- 2) Өтенай ауылдық округі аумағында орналасқан Заречный ауылы Мойнақ ауылы;
- 3) Өтенай ауылдық округі аумағында орналасқан Өтенай учаскесі Ынтымақ у ч а с к е с і ;

4) Қаратал ауданындағы Приморец ауылы Үшкөмей ауылы;

5) Көксу ауданындағы Октябрь ауылдық округін Жарлыөзек ауылдық округі;

6) Көксу ауданындағы Октябрь ауылы Жарлыөзек ауылы болып өзгертілсін.

2. Талдықорған қаласы, Қаратал, Көксу аудандарының әкімдері белгіленген тәртіппен осы шешімді орындасын.

3. Облыстық статистика басқармасы (Б. Төлепбаев) облыстың әкімшілік-аумақтық бірліктерін есепке алу мен тіркеуіне өзгерістер енгізсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С. Мұқановқа жүктелсін.

5. Алматы облысы әкімдігінің 2006 жылғы 25 сәуірдегі N 4-6 және Алматы облыстық мәслихатының 2006 жылғы 25 сәуірдегі N 27-194 "Облыстағы ауылдық округ пен кейбір ауылдардың атауын өзгерту туралы" бірлескен шешімі жойылсын.

6. Осы шешім алғаш рет жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Алматы облысының әкімі*

*А л м а т ы            о б л ы с т ы қ            м ә с л и х а т ы*

*сессиясының төрағасы*

*А л м а т ы            о б л ы с т ы қ*

*Мәслихаттың хатшысы*